

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету басқармасын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 1 тамыз N 1051. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000.02.14. N 242 қаулысымен. ~P000242

Халықты және емдеу профилактикалық ұйымдарды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік саясатты жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі орталық аппаратының құрылымына Дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету басқармасы (жетекші) енгізілсін, аппараттың адам саны 14 адамға көбейтілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Денсаулық министрлігіне үстіміздегі жылдың аяғына дейін 1995 жылға арналған республикалық бюджетте мемлекеттік басқару органдарын ұстауға көзделген қаржы есебінен қосымша 800 (сегіз жүз) мың теңге, оның ішінде еңбекақы төлеу қорына 560 (бес жүз алпыс) мың теңге бөлсін.

3. Басқарма қызметінің мынадай негізгі бағыттары белгіленсін:
республика халқына дәрі-дәрмекпен көмек көрсетуді ұйымдастыру жөніндегі мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;

дәріхана мекемелері мен фармацевтика кәсіпорындарын мемлекет иелігінен алудың және жекешелендірудің мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру;

республика фармацевтика қызметін лицензиялау;

халықты дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету саласында дәріхана мекемелері мен шаруашылық жүргізуші объектілер қызметтерін мемлекеттік бақылауды және оны үйлестіруді ұйымдастыру;

өте қажет дәрі-дәрмектер мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды тұтынуды талдау, болжау және тапсырыстар қалыптастыру;

мемлекетаралық кредиттерді тиімді игеру және дәрі-дәрмектер сатып алуға бағытталған бюджет қаржыларын ұтымды пайдалану;

дәрі-дәрмектердің импорты мен экспортының коммерциялық жоспарларын, оның ішінде республиканың сұранысын ескере отырып, есірткілік, психотроптық және соларға теңестірілген дәрі-дәрмектерді мемлекеттік реттеу;

фармацевтикалық қызметтердің тәртібін белгілейтін және азаматтардың негізгі дәрі-дәрмектерге қол жеткізуін қамтамасыз ету құқығын қорғау жөніндегі

заңдар мен басқа да нормативтік актілерді әзірлеу;

есірткілік, психотроптық және соларға теңестірілген дәрі-дәрмектерді өндіруге, импорттауға, экспорттауға және сатуға мемлекеттік монополияны қамтамасыз ету;

жаңа және кеңінен қолданылатын дәрі-дәрмектер жөніндегі ақпараттардың барлық түрін аннотациясын қоса тұтынушыларға жеткізу;

провизорларды аттестациялау.

4. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі бір ай мерзім ішінде Дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету басқармасы туралы құрылым мен Ережені бекітетін болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі